

«ҒҰМАРБЕК ДӘУКЕЕВ АТЫНДАҒЫ АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС  
УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

Бекітемін

«Ғұмарбек Дәукеев атындағы  
Алматы энергетика және байланыс  
университеті» коммерциялық емес  
акционерлік қоғамының ректоры

Ғ.С. Нығыметов

2024 ж.



ТҮЛЕКТЕР ҚАУЫМДАСТЫҒЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

4-БАСЫЛЫМ

Қол қойылған күннен бастап қолданысқа енеді

Алматы, 2024 ж.

## Мазмұны

Құжат төлқұжаты.....	3
Келісу парағы.....	4
1. Жалпы ережелер .....	5
2. Қауымдастықтың миссиясы, мақсаттары және міндеттері.....	5
3. Қауымдастықтың мүшелері, олардың құқықтары және міндеттері.....	6
4. Қауымдастықтың ұйымдық құрылымы және басқару органдары .....	7
5. Қорытынды ережелер.....	7
Танысу парағы .....	8

<b>Құжат төлқұжаты</b>	
<b>Құжат түрі</b>	Ұйымдастырушылық құжаттама
<b>Құжаттың атауы</b>	«Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының түлектер қауымдастығы туралы ереже
<b>Құжат мақсаты</b>	Түлектер қауымдастығының қызметін сипаттау және реттеу: мақсаттары мен міндеттері, қауымдастық мүшелері, олардың құқықтары мен міндеттері, қауымдастықтың ұйымдық құрылымы мен басқару органдары
<b>Әзірлеген</b>	Түлектермен жұмыс офисінің басшысы
<b>Келісілді</b>	Даму жөніндегі проректор Бас заңгер Комплаенс-қызметінің бастығы Комплаенс-қызметінің бас маманы Кеңсе және мұрағаттың жетекші маманы
<b>Бекіткен</b>	Ректор
<b>Құжат орындаушылары</b>	Қауымдастық мүшелері
<b>Орындалуын бақылаушы</b>	Даму жөніндегі проректор
<b>Құжатқа қосымшалар</b>	Жоқ
<b>Ерекшеліктер</b>	Жоқ
<b>Нормативтік сілтемелер</b>	ҚР Еңбек кодексі ҚР 2007 ж. 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңы, Университет Жарғысы Түлектер қауымдастығының қамқоршылық кеңесі туралы ереже
<b>Түпнұсқа иесі</b>	Комплаенс-қызметі



Документ № 19192 от 09.09.2024

Вид: Служебная записка  
Текущий процесс: Согласование  
Текущее состояние: Утверждён

Поступил	Завершить к	Завершен	Пользователь	Результат	Комментарий
<b>Согласование</b>					
09.09.2024 17:00		09.09.2024 17:00	Abdullina Z.	Процесс запущен	Положения об ОРВ, Ассоциации выпускников и Попечительском совете
09.09.2024 17:00		10.09.2024 16:04	Adenov A.	Согласовано	С учетом исправлений
09.09.2024 17:00		12.09.2024 09:59	Zhazykraeva A.	Согласовано	с учетом исправлений
09.09.2024 17:00		10.09.2024 10:09	Chokin Z.	Согласовано	
09.09.2024 17:00		10.09.2024 13:48	Amantayeva A.	Согласовано	
12.09.2024 09:59		12.09.2024 11:30	Nugumetov G.	Утверждён	



## 1. Жалпы ережелер

- 1.1. «Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Түлектер қауымдастығы (бұдан әрі - Қауымдастық) Қазақ политехникалық институтының энергетикалық факультетінің, Алматы энергетикалық институтының (АЭИ), Алматы энергетика және байланыс институтының (АЭБИ), елдің ведомстволық өзге де құрылымдарының өкілдерін және «Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Университет) жанындағы қоғамдық ұйымының (бірлестік) түлектерін біріктіреді.
- 1.2. Қауымдастық Университеттің жарғысына және осы Ережеге сәйкес еріктілік, өзін-өзі басқару, заңдылық және жариялылық негізінде құрылды және жұмыс істейді.
- 1.3. Қауымдастықтың ақшалай қаражаты Университеттің есеп айырысу шотындағы қауымдастық қорында жинақталған ерікті демеушілік қайырымдылықтардан құралады.
- 1.4. Қауымдастық заңды тұлға емес. Қауымдастықтың барлық қызметі Университет арқылы жүзеге асырылады.
- 1.5. Қауымдастықтың қызмет ету мерзімі шектелмейді.
- 1.6. Қауымдастықтың тұрақты жұмыс істейтін басшы органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050013, Алматы қ., Байтұрсынұлы к-сі, 126/1, "А" корпусы.

## 2. Қауымдастықтың миссиясы, мақсаттары және міндеттері

### 2.1. Қауымдастықтың миссиясы:

"Түлек–Университет" экожүйесін қолдау және дамыту, корпоративтік мәдениетті дамыту, заманауи халықаралық талаптар деңгейінде іргелі және қолданбалы сипаттағы міндеттерді шешуге қабілетті Университетке адал түлектер санын ұлғайту, жаңа ақпараттық технологияларды енгізу, ғалымдардың ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жобаларының бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету.

### 2.2. Қауымдастықтың негізгі мақсаты:

Түлектердің корпоративтік байланыстарын кеңейту, Университет білім алушылары мен бітірген жылдарындағы түлектер арасында корпоративтік рухты сақтау жөніндегі күш-жігерін шоғырландыру.

### 2.3. Негізгі міндеттері:

2.3.1. «Alumni Club АЭЖБУ» түлектер клубын құру;

2.3.2. Университетпен тұрақты байланыс үшін түлектердің деректер базасын құру;

2.3.3. "Эндаумент қоры" корпоративтік қайырымдылық қорын құру.

### **3. Қауымдастықтың мүшелері, олардың құқықтары және міндеттері**

#### **3.1. Қауымдастықтың мүшелері келесіге құқылы:**

- Қауымдастық қызметінің барлық түрлеріне қатысуға;
- Қауымдастық қызметі туралы кез-келген ақпаратты алуға;
- Қауымдастық қызметіне қатысты кез-келген мәселелерді енгізуге және талқылауға;
- Қауымдастықтың Қамқоршылар кеңесіне сайлауға және сайлануға
- қолданыстағы "АЭЖБУ" КеАҚ профессоры, доценті академиялық атағын беру туралы Ережеге" сәйкес "АЭЖБУ" КеАҚ академиялық профессоры (доценті) құрметті атағын беруге;
- Университетке оның материалдық-техникалық базасын нығайту үшін демеушілік **көмек көрсетуге**, оның атын тиісті оқу зертханасына және/немесе дәріс аудиториясына беруге, демеуші туралы ақпаратты зертханадағы және/немесе аудиториядағы арнайы стендтерге, Университеттің оқу корпустарының фойелеріне орналастыруға;
- жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, сондай-ақ аз қамтылған отбасылардан шыққан студенттер үшін атаулы стипендияның құрылтайшысы болуға;
- "АЭЖБУ" КеАҚ хабаршысы" ғылыми жинақтары мен ғылыми журналында мақалалар жариялауға;
- өз компаниясына, ұйымына болашақ мамандарды басымдықпен іріктеу үшін Университеттің бакалавриат және магистратураның жоғары және бітіруші курс студенттері туралы үлгерім туралы ақпаратты және басқа да деректерді алуға;
- Университеттің салтанатты, ғылыми, мәдени-тәрбиелік, спорттық-сауықтыру және басқа да іс-шараларына қатысуға.

#### **3.2. Қауымдастықтың мүшелері келесіге міндетті:**

- Қауымдастық жұмысына қатысуға және осы Ереженің талаптарын орындауға;
- Университет студенттерінің озық бейінді кәсіпорындар мен ұйымдарда өндірістік практикадан өтуіне ықпал етуге;
- Университет түлектерін жұмысқа орналастыруға жәрдемдесуге;
- Университеттің материалдық-техникалық базасын қолдауға және жаңартуға, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, сондай-ақ аз қамтылған, көп балалы отбасылардан шыққан студенттерге көмек көрсету үшін Қауымдастық Қорына демеушілік көмек тартуға және басқа да қажеттіліктерге ықпал етуге.

### **4. Қауымдастықтың ұйымдық құрылымы және басқару органдары**

4.1. Қауымдастықтың ұйымдастырушылық құрылымы келесі қағидаттарға негізделген: басқару органдарын таңдау, Қауымдастық мүшелері мен



Университеттің Ғылыми кеңесі алдында есеп беру, шешім қабылдаудағы алқалылық пен демократия, қауымдастықтың барлық қызметінің жариялылығы.

4.2. Ассоциацияның атқарушы органы әр түрлі мамандықтағы Университеттің ең беделді түлектерінен, сондай-ақ Университеттің бітіруші кафедраларының меңгерушілері мен проректорлары ұсынатын компаниялардың, ұйымдардың және серіктес кәсіпорындардың басшыларынан немесе белгіленген тәртіппен уәкілетті өкілдерінен тұратын түлектер қауымдастығының Қамқоршылық кеңесі болып табылады. Қамқоршылық кеңестің құрамына міндетті негізде дауыс беру құқығы жоқ институттардың директорлары мен ректор кіреді.

4.3. Түлектер қауымдастығы жанынан қызметтің негізгі бағыттарын жедел басқару үшін АЭЖБУ Alumni Club құрылады.

4.4. Университеттің Директорлар кеңесінің шешімімен белгілі бір коммерциялық емес қызметті қаржыландырудың ұзақ мерзімді көзін қалыптастыру, Қамқоршылық кеңестің шотындағы қаржы қаражатын тиімді пайдалану және табыс алу мақсатында "Эндаумент қоры" құрылады. Қауымдастық мүшелері мен еріктілердің қайырымдылықтары есебінен қалыптастырылатын "Қордың эндаументі" қаражаты қауымдастықтың мүлкі болып табылады.

4.5. Қауымдастық қызметінің барлық бағыттарына жетекшілік етуді Университет түлектерімен жұмыс жөніндегі офис (бұдан әрі - ТЖО) жүзеге асырады.

## 5. Қорытынды ережелер


5.1 Ережеге өзгерістер мен толықтыруларды Университеттің ішкі нормативтік құжаттарына белгіленген тәртіппен Ректор енгізе алады.

5.2 Осы Ережемен реттелмеген мәселелер ҚР нормативтік құқықтық құжаттарында және/немесе Университеттің басқа да ішкі ұйымдық-құқықтық құжаттарында белгіленген тәртіппен шешіледі.

«Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

«Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Түлектер қауымдастығы туралы ереже

### Танысу парағы

Аты-жөні	Танысу күні	Қолы
Джармушев З. Н.	12.09.2024	
Абдырәлова К. С.	12.09.2024	